11) фьючерс – сатып алушы (немесе сатушы) ұйымдастырылған нарықта белгіленген стандартты шарттарға сәйкес базалық активті сатып алудың (немесе сатудың) белгіленген мерзімі өткеннен кейін міндеттемені өзіне алатын тек ұйымдастырылған нарықта айналымға түсетін туынды қаржы құралы.

3. 3-бөлімде бастапқы мәлімделген құн бойынша сауда-саттыққа шығарылған тауарлардың көлемі, жасалған мәміле бойынша тауар биржасының айналымы, сонымен бірге биржалық тауарлар бөлінісінде жасалған мәмілелердің саны көрсетіледі.

Биржалық тауарлар тізбесі осы статистикалық нысанның қосымшасына сәйкес толтырылады.

4. Респонденттің есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, респондент есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ұсынуға құқылы.

5. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту: x – берілген позиция толтыруға жатпайды

6. Арифметикалық-логикалық бақылау:

3-бөлім. Биржалық мәмілелер саны көрсетіледі:

2-баған  $\geq$  3-баған + 5-баған;

3-баған  $\geq$  4-баған; 6-баған  $\geq$  7-баған;

7-баған  $\geq$  8-баған + 10-баған;

8-баған  $\geq$  9-баған.

4-бөлім. Биржалық сауда режимдеріне сәйкес жасалған мәмілелер бойынша жалпы айналым көрсетіледі.

1-жол =

$\Sigma$

1.1, 1.2, 1.3-жолдар;

Бөлімдер арасындағы бақылау:

3-бөлім 7-бағанның 1-жолы = 4-бөлім 1-бағанның 1-жолы.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2017 жылғы 10 қарашадағы  
№ 166 бұйрығына 9-қосымша



**Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді**

Confidentiality is guaranteed by the organs of the state statistics

**Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны**

Statistical form of the all-Union statistical observation

Приложение

Председателя  
статистике

национальной  
Республики

от "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2017го.

**Аумақтық статистика органына ұсынылады**  
Представляется территориальному органу статистики  
**Статистикалық нысан**  
интернет-ресурсына **www.stat.gov.kz**  
орналастырылған

**Статистикалық нысанды**  
Время, затраченное на заполне  
**1 сағатқа дейін**  
до 1 часа



работником органа статистики при сдаче статистической формы на бумажном носителе)

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

## 2. Станциялардың материалдық-техникалық базасы жөнінде мәліметті көрсетіңіз

Укажите сведения по материально-технической базе станций

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Өлшем бірлігі Единица измерения	Автожанармай құю станциялары (АҚС) Автозаправочная станция (АЗС)	Автогаз құю станциялары (АГҚС) Автогазозаправочная станция (ГАЗС)	Автогаз толтыру компрессорлық станциялары (АГТКС) Автогазонаполнительная компрессорная станция (АГНКС)
А	Б	В	1	2	3
1	Станциялардың саны – барлығы Количество станций – всего	бірлік единиц			
1.1	тұрақты стационарные	бірлік единиц		x	x
1.2	контейнерлік контейнерные	бірлік единиц		x	x
1.3	жылжымалы передвижные	бірлік единиц		x	x
2.	Станция аумағында орналасқан, мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлардың (баллондардың) саны Количество резервуаров (баллонов) для хранения нефтепродуктов, расположенных на территории станций	бірлік единиц			
	Станция аумағында орналасқан, мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлардың	литр / кубтық метр			



1.2	газойльдер (дизель отыны) газойли (топливо дизельное)							
	соның ішінде в том числе	x	x	x	x	x	x	x
1.2.1	жазғы дизель отыны топливо дизельное летнее					x	x	x
1.2.2	қысқы дизель отыны топливо дизельное зимнее					x	x	x
1.3	сұйытылған пропан мен бутан пропан и бутан сжиженные							
1.4	сығымдалған табиғи газ, кубтық метр компримированный природный газ, метр кубический							

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Наименование \_\_\_\_\_

Адрес \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы (респонденттің) \_\_\_\_\_

Адрес электронной почты (респондента) \_\_\_\_\_

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға  
келісеміз<sup>2</sup>

Согласны на распространение первичных  
статистических данных<sup>2</sup>

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға  
келіспейміз<sup>2</sup>

Не согласны на распространение первичных  
статистических данных<sup>2</sup>

Орындаушы \_\_\_\_\_

Исполнитель \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны \_\_\_\_\_

фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон \_\_\_\_\_

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

Главный бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

фамилия, имя и отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға \_\_\_\_\_

қолы \_\_\_\_\_

подпись \_\_\_\_\_

Руководитель или лицо, исполняющий его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) ҚОЛЫ

фамилия, имя и отчество (при его наличии) ПОДПИСЬ

Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)

Место для печати (при наличии)

Ескертпе:

Примечание:

<sup>1</sup> ЭАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші

<sup>1</sup> КАТО - Классификатор административно-территориальных объектов

<sup>2</sup> Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады

<sup>2</sup> Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2017 жылғы 10 қарашадағы  
№ 166 бұйрығына 10-қосымша

## **"Автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының қызметі туралы**

**есеп" (коды 171112010, индексі G-003, кезеңділігі жылдық)**

**жалпымемлекеттік**

**статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Автожанармай құю, газ құю және газ толтыру станцияларының қызметі туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 171112010, индексі G-003, кезеңділігі жылдық), толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Автожанармай құю және газ құю станцияларының қызметі туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 171112010, индексі G-003, кезеңділігі жылдық) (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар және түсініктер осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:



1) автожанармай құю станциясы (АҚС) – көлік құралдарына жанармай құю үшін мұнай өнімдерін өткізуді қамтамасыз ететін жабдықпен қамтылған технологиялық кешен;

2) автогаз құю станциясы (АГҚС) – сұйытылған мұнай газын сақтауға және оны отын ретінде пайдаланатын көлік құралдары иелеріне бөлшек саудада өткізуге арналған технологиялық кешен;

3) автогаз толтыру компрессорлық станциясы (АГТКС) – тауарлық газды сұйытуға, сақтауға және оны отын ретінде пайдаланатын көлік құралдарының иелеріне бөлшек саудада өткізуге арналған технологиялық кешен;

4) бөлшек сауда – кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке, отбасылық, үй жағдайында немесе басқа да пайдалануға арналған тауарларды сатып алушыға сату бойынша кәсіпкерлік қызмет;

5) жылжымалы станция – біртұтас зауыт бұйымы ретінде жасалған, автомобиль шассиіне, тіркемеге, жартылай тіркемеге орнатылған, ықшам технологиялық жүйе.

6) контейнерлік станция – біртұтас зауыт бұйымы ретінде жасалған, технологиялық жүйесі отын тарату бағандарының мұнай өнімдерін сақтау контейнерінде орналасуымен сипатталатын, мұнай өнімдерін сақтауға арналған ыдыстары жер үстінде орналасқан;

7) резервуар – есепке алатын бақылау аспаптарымен жабдықталған, мұнай өнімдерін көтерме сауда арқылы жеткізушіге немесе мұнай өнімдерін бөлшек сауда арқылы өткізушіге меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі мұнай өнімдері базасында не мұнай өнімдерін өндірушінің өндірістік объектілерінде мұнай өнімдерін қабылдауға, сақтауға, жөнелтуге және өткізуге арналған ыдыс.

8) стационарлық станция – отын тарату бағандары арқылы көлік құралдарына мұнай өнімдерін құюға арналған;

9) талон – ұйымдардың мұнай өнімдерін станцияның белгілі бір желілері арқылы жіберілуін ұйымдастыратын сатушымен жасалған сатып алу-сату шарттары бойынша мұнай өнімдерін сатып алуына арналған құжат.

3. 1-бөлімде респонденттің тіркелу орнына (облыс, қала, аудан, елді мекен) қарамастан, тауарларды нақты өткізу орнын көрсетіледі. Егер респонденттің әр түрлі облыстарда (өңірлерде) статистикалық нысанды тапсыруға құзыреті жоқ бірнеше құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері (сауда нүктелері) болса, онда респонденттер өзінің құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерінің орналасу орнын 1-бөлімде көрсете отырып, статистикалық нысандары тапсырады.

4. 2-бөлімде станциялардың материалдық-техникалық базасы бойынша ақпарат көрсетіледі. Автожанармай құю станциялары бойынша станциялар саны

олардың түрлері бойынша көрсетіледі: стационарлық, контейнерлік, жылжымалы

Автогаз толтыру компрессорлық станциялары бойынша станция аумағында орналасқан мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарлар (баллондар) көлемі (3-баған 3-жол) шаршы метрде көрсетіледі.

4-жол бойынша отын құю-тарату бағандарының саны көрсетіледі. Отын құю-тарату бағаны – көлік құралдарына және тұтынушылар ыдыстарына жанармай құю кезінде мұнай өнімдері көлемін өлшеуге және оларды беруге арналған қондырғы.

3-бөлімде 2-баған бойынша "Мұнай өнімдерінің бөлшек саудадағы көлемі" көрсеткіші сатып алушыларға мұнай өнімдерін қолма-қол және қолма-қол емес есеп айырысуға өткізгені үшін алынған ақшалай түсімінің сомасы көрсетеді. 3, 4-бағандар бойынша заңды тұлғаларға мұнай өнімдерін өткізу, соның ішінде талон бойынша тиісінше құндық және табиғи көріністегі көлемі көрсетіледі.

Өткізу көлемі қосымша құнға және акциздерге салықсыз сату құны бойынша есептеледі.

1, 3, 5-бағандарда өткізу көлемі заттай көріністе: бензин, дизельдік отын, пропан, сұйытылған бутан бойынша тоннада, сығымдалған табиғи газ бойынша шаршы метрде көрсетіледі.

5, 6-бағандарда мұнай өнімдерін жеке қажеттіліктер үшін (жеке меншік көлік құралдары үшін) пайдалану туралы ақпарат көрсетіледі.

7-бағанда – есепті кезең соңына қалдықтар көрсетіледі. Қалдықтар – бұл автожарнамай құю станцияларындағы, қоймалардағы, белгілі бір күнде жолда болатын мұнай өнімдерінің ақшалай көріністегі мөлшері.

5. Респонденттің есепті кезеңде қызметі болмаған жағдайда, респондент есепті кезең мерзімінің аяқталатын күнінен кешіктірмей статистикалық нысандар орнына, қызметінің болмау себептерін және осы қызметтің жүзеге асырылмайтын мерзімдерін көрсете отырып, қызметінің болмауы туралы хабарламаны Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес ұсынуға құқылы.

6. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту: X – осы позиция толтыруға жатпайды.

7. Арифметикалық-логикалық бақылау:

2-бөлім "Станциялардың материалдық-техникалық базасы жөнінде мәліметті көрсетіңіз":

1-жол = 1-баған бойынша

$\Sigma$

1.1, 1.2, 1.3-жолдар;

егер 2-жол  $\neq 0$ , онда 3-жол  $\neq 0$  және керісінше;

егер 1-жол  $\neq 0$ , онда 4-жол  $\neq 0$  және керісінше.

3-бөлім "Станциялардағы мұнай өнімдерін өткізу көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз":

1-жол = 2,4,6,7-бағандар бойынша

$\Sigma$

1.1, 1.2, 1.3, 1.4-жолдар;

1.1-жол =

$\Sigma$

1.1.1– 1.1.7-жолдар;

1.2-жол =

$\Sigma$

1.2.1, 1.2.2-жолдар;

егер 1-баған  $> 0$ , онда 2-баған  $> 0$  және керісінше (1-жолдан басқа барлық жолдар бойынша);

егер 3-баған  $> 0$ , онда 4-баған  $> 0$  және керісінше (1-жолдан басқа барлық жолдар бойынша);

егер 5-баған  $> 0$ , онда 6-баған  $> 0$  және керісінше (1-жолдан басқа барлық жолдар бойынша);

егер 2-баған  $\neq 0$  немесе 4-баған  $\neq 0$  немесе 6-баған  $\neq 0$ , онда 7-баған  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау).

Бөлімдер арасындағы бақылау:

егер 2-бөлімде 1-жол 1-баған  $\neq 0$ , онда 3-бөлімде 1.1-жол 2-баған немесе 4-баған немесе 6-баған  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау);

егер 2-бөлімде 1-жол 2-баған  $\neq 0$ , онда 3-бөлімде 1.3-жол 2-баған немесе 4-баған немесе 6-баған  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау);

егер 2-бөлімде 1-жол 3-баған  $\neq 0$ , онда 3-бөлімде 1.4-жол 2-баған немесе 4-баған немесе 6-баған  $\neq 0$  (жол берілетін бақылау).

**Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті Төрағасының м.а. 19.12.2018 № 7 (01.01.2019 бастап  
қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді  
Confidentiality is guaranteed by the organs of state statistics

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны  
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Аумақтық статистика органына

ұсынылады

Представляется

территориальному органу  
статистики

Статистикалық нысан

www.stat.gov.kz

интернет-ресурсына

орналастырылған

Статистическая форма размещена

на

интернет-ресурсе www.stat.gov.kz

Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаныз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)					
1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық более 40 часов

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну  
және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық  
туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар  
болып табылады

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие  
органы государственной статистики в установленный срок являются административными  
правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об  
административных правонарушениях"

Статистикалық нысан коды 311101157 Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өз  
Код статистической формы 311101157 т у р а л ы

1-ТС Отчет о взаимной торговле товарами с государствами-чл  
экономического союза

Айлық Есепті кезең  ай  ж ы л  
Месячная Отчетный период  месяц  год

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен экспорт және (немес  
жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және  
бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке тұлғала  
Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные  
индивидуальные предприниматели, а также физические лица, осуществляющие э  
импорт с государствами-членами Евразийского экономического союза

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне (қоса  
Срок представления: до 20 числа (включительно) после отчетного периода











тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы, телефоны  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись, телефон  
Бас бухгалтер  
Главный бухгалтер \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись  
Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға  
Руководитель или лицо, исполняющий его обязанности \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись  
Ескертпе:

Примечание:

<sup>1</sup> Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің экспорттаушылары (импорттаушылары) бойынша толтырылады

<sup>1</sup> Заполняется по экспортерам (импортерам) государств-членов Евразийского экономического союза (далее – ЕАЭС)

<sup>2</sup> Заңды тұлғалар бойынша заңды тұлғаның толық атауы, дара кәсіпкерлер және жеке тұлғалар бойынша – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

<sup>2</sup> По юридическим лицам указывается полное наименование юридического лица, по физическим лицам и индивидуальным предпринимателям – фамилия, имя, отчество (при его наличии)

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі" бет, "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған Әлем елдерінің жіктеуішіне сәйкес толтырылады

<sup>3</sup> Заполняется в соответствии с Классификатором стран мира, размещенном на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) страница "Главная", раздел "Официальная статистическая информация (по отраслям)", подраздел "Статистика внешней и взаимной торговли"

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі" бет, "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда

статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған ЕАЭО елдері аумақтарының анықтамалығына сәйкес толтырылады

<sup>4</sup> Заполняется в соответствии со справочником территорий стран ЕАЭС, размещенным на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) страница " Главная", раздел "Официальная статистическая информация (по отраслям)", подраздел "Статистика внешней и взаимной торговли"

<sup>5</sup> СТСН – Ресей Федерациясы, Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы экспорттаушылары (импорттаушылары) бойынша салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі қойылады, ТЕН – Беларусь Республикасы экспорттаушылары (импорттаушылары) бойынша төлеушінің есептік нөмірі қойылады

<sup>5</sup> ИНН – по экспортерам (импортерам) Российской Федерации, Республики Армении, Кыргызской Республики проставляется идентификационный номер налогоплательщика, УНП – по экспортерам (импортерам) Республики Беларусь проставляется учетный номер плательщика

<sup>6</sup> Мұнда және бұдан әрі ЕАЭО СЭҚ ТН – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасы, D бағаны бойынша 10 таңбалы коды көрсетіледі (жіктеуіш Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған)

<sup>6</sup> Здесь и далее ТН ВЭД ЕАЭС – Товарная номенклатура внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза, по графе D указывается 10-ти значный код (классификатор размещен на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz), раздел "Классификаторы")

<sup>7</sup> Тауардың көлік (тасымалдау) құжаттарына немесе шот-фактурасына (инвойсына), техникалық паспортына сәйкес атауы, сондай-ақ тауарды сәйкестендіретін және оны ЕАЭО СЭҚ ТН коды бойынша 10 таңбалы жіктеу кодының біреуіне жатқызуға мүмкіндік беретін қосымша мәліметтер көрсетіледі

<sup>7</sup> Указываются наименование товара в соответствии с транспортными (перевозочными) документами или счетом-фактурой (инвойсом), техническим паспортом, а также дополнительные сведения, позволяющие идентифицировать товар и относить его к одному 10-ти значному классификационному коду по ТН ВЭД ЕАЭС

<sup>8</sup> 1, 3, 5, 7, 9-бағандарда елдер коды және 11-бағанда шекарадағы көлік түрінің коды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі" бет, "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған Әлем елдерінің жіктеуішіне және Көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің жіктеуішіне сәйкес қойылады

<sup>8</sup> Коды стран по графам 1, 3, 5, 7, 9 и код вида транспорта на границе по графе 11 проставляются в соответствии с Классификатором стран мира и Классификатором видов транспорта транспортировки товаров, размещенных на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) страница "Главная", раздел "Официальная статистическая информация (по отраслям)", подраздел "Статистика внешней и взаимной торговли"

<sup>9</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі" бет, "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған Жеткізу шарттарының жіктеуішіне сәйкес толтырылады

<sup>9</sup> Заполняется в соответствии с Классификатором условий поставки, размещенном на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) страница "Главная", раздел "Официальная статистическая информация (по отраслям)", подраздел "Статистика внешней и взаимной торговли"

<sup>10</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі" бет, "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған Өлшем бірліктерінің жіктеуішіне сәйкес толтырылады

<sup>10</sup> Заполняется в соответствии с Классификатором единиц измерения, размещенном на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) страница "Главная", раздел "Официальная статистическая информация (по отраслям)", подраздел "Статистика внешней и взаимной торговли"

<sup>11</sup> АҚШ доллары – Америка Құрама Штаттарының доллары

<sup>11</sup> Доллары США – доллары Соединенных Штатов Америки

<sup>12</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі" бет, "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда

статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған Тауарларды өткізу ерекшеліктерінің жіктеуішіне сәйкес толтырылады

<sup>12</sup> Заполняется в соответствии с Классификатором особенностей перемещения товаров, размещенном на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) страница "Главная", раздел "Официальная статистическая информация (по отраслям)", подраздел "Статистика внешней и взаимной торговли"

<sup>13</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі" бет, "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған Мәміле сипаттарының анықтамалығына сәйкес толтырылады

<sup>13</sup> Заполняется в соответствии со Справочником характеров сделки, размещенным на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) страница "Главная", раздел "Официальная статистическая информация (по отраслям)", подраздел "Статистика внешней и взаимной торговли"

<sup>14</sup> Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады

<sup>14</sup> Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике" от 19 марта 2010 года

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2017 жылғы 10 қарашадағы  
№ 166 бұйрығына 12-қосымша

**Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 19.12.2018 № 7 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара тауарлар саудасы туралы есеп" (коды 311101157, индексі 1-ТС, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше

мемлекеттермен өзара тауарлар саудасы туралы есеп" (коды 311101157, индексі 1-ТС, кезеңділігі айлық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара тауарлар саудасы туралы есеп" (коды 311101157, индексі 1-ТС, кезеңділігі айлық) (бұдан әрі – статистикалық нысан) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар және терминдер осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың өзара саудасы (бұдан әрі – ЕАЭО өзара саудасы) – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы сауда;

2) респондент – статистикалық әдіснамаға сәйкес статистикалық байқау объектісі бойынша деректерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға және оның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері;

3) сатушы ел – аумағында тауарды сатып алған немесе сатқан заңды немесе жеке тұлға тіркелген (тұрақты тұратын) ел;

4) тауардың жөнелтуші елі – тауарды халықаралық тасымалдауды бастаған, көліктік (тасымалдау) құжаттарында мәліметтер көрсетілген ел;

5) тауардың межелі елі – тауарды тұтынатын, пайдаланатын немесе қайта өңдейтін мемлекет;

6) тауардың шығарылған елі – тауар толық өндірілген немесе жеткілікті қайта өңдеуге ұшыраған ел;

7) тауардың статистикалық құны – Америка Құрама Штаттарының долларында (бұдан әрі – АҚШ доллары) көрсетілген, бірыңғай баға базисіне келтірілген (экспортталатын тауарлар үшін ФОБ1 бағасының типі, импортталатын тауарлар үшін – СИФ2 бағасының типі бойынша), қайта есептеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылатын тауар құны;

8) тауарлар импорты – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің материалдық ресурстарының қорларына қосылатын, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағына тауарларды әкелу;

9) тауарлар экспорты – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің материалдық ресурстарының қорларын азайтатын, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағынан тауарларды әкету;

10) фактуралық құн – тауарды жеткізудің келісілген шартына байланысты сауда операцияларына қатысушылар арасындағы келісілген тауар құны.

3. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда статистикасында серіктес елдер болып мыналар саналады:

импорт кезінде – тауарды жөнелтуші ел;

экспорт кезінде – тауардың межелі елі.

Тауарлар импортын есепке алу егер тауардың шығарылған елі белгісіз, сондай-ақ тауардың шығарылған елі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің бірі болған жағдайларда жөнелтуші ел бойынша жүргізіледі.

Тауарлар импортын есепке алу, егер шығарушы ел және жөнелтуші ел белгісіз болса сатушы ел бойынша жүргізіледі.

Тауарлар экспортын есепке алу, егер межелі елі белгісіз болса сатушы ел бойынша жүргізіледі.

Өзара сауда статистикасындағы тауарлардың импорты мен экспортын есепке алу: импорттау кезінде – тауардың қоймаға келіп түскен сәтінде, экспорттау кезінде – тауарды қоймадан тиеу сәтінде жүргізіледі.

Құбыржол көлігімен және электр беру желілері арқылы өткізілетін тауарлар (мұнай, газ және басқаларды) импортын және экспортын есепке алу ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен кедендік сыртқы сауда және өзара сауда статистикасын жүргізудің бірыңғай әдіснамасына және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің халықаралық шарттарына сәйкес оларды тасымалдаудың және декларациялаудың ерекшеліктерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

4. Өзара сауда бойынша ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағына басқа ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағынан әкелінетін немесе ЕАЭО-ға мүше мемлекет аумағынан басқа ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағына шығарылатын барлық тауарлар есепке алынады.

5. 1-бөлімде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің экспорттаушылары (импорттаушылары) бойынша ақпарат толтырады, яғни Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің қатысушылары тауарлық-жөнелтпе құжаттарында тауарды жөнелтушілер немесе алушылар деп көрсетілетін ЕАЭО елдерінен өз серіктестері бойынша ақпаратты көрсетеді. Мынадай мәліметтер көрсетіледі: А бағанында – ЕАЭО-дан серіктестері бойынша реттік нөмірі қойылады, В бағанында – заңды тұлғаның толық атауы, дара кәсіпкердің немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) С бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Комитет) [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі бет", "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған – Әлем елдері жіктеуішінің коды, D бағанында Комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсында "Негізгі бет", "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған ЕАЭО елдері аумақтарының анықтамалығына сәйкес ЕАЭО бойынша аумақтың коды, E бағанында – заңды тұлғалар үшін нақты тұратын жерінің мекенжайы, дара кәсіпкерлер және жеке тұлғалардың

нақты тұратын мекенжайы, F бағаны бойынша – Ресей Федерациясы, Армения Республикасы және Қырғыз Республикасы экспорттаушылары (импорттаушылары) бойынша салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі – СТСН) коды, Беларусь Республикасы экспорттаушылары (импорттаушылары) үшін төлеушінің есептік нөмірі (бұдан әрі – ТЕН) коды, G бағаны бойынша – өткізу бағыты (экспорт болса – "1", импорт болса – "2" қойылады).

6. 2-бөлім бойынша деректер 1-бөлімде көрсетілген сыртқы экономикалық қызметтің қазақстандық қатысушылары экспорттаушылар (импорттаушылар) бойынша ақпарат сияқты, сол тізбектілік бойынша толтырылады. Мұның өзінде 2-бөлімнің В бағанында 1-бөлімнің А бағанында көрсетілген сыртқы экономикалық қызметтің Ресей Федерациясы, Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы және (немесе) Беларусь Республикасы қатысушысының реттік нөмірі қойылады.

2-бөлімде тауардың реттік нөмірі А бағанында қойылады. Егер, Ресей Федерациясы сыртқы экономикалық қызметінің қатысушысымен келісімшарт бойынша (1-бөлімде реттік нөмірі "1") тауарлар үш түрлі атаумен импортталған болса, онда 2-бөлімде В бағанындағы барлық үш тауар бойынша "1" қойылады.

2-бөлімнің С және D бағандарында тауарлардың атауы мен кодын толтыру үшін Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) жіктеуіші қолданылады (Комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Жіктеуіштер" бөлімінде орналастырылған).

Е бағанында тауардың көлік (тасымалдау) құжаттарымен немесе шот-фактурасына (инвойсына) сәйкес атауы (саудалық, коммерциялық немесе басқа дәстүрлік атауы), тауарды өндіруші туралы мәлімет (болған жағдайда), сонымен қатар тауарды сәйкестендіруге және оны ЕАЭО СЭҚ ТН коды бойынша 10 таңбалы жіктеу кодының біреуіне жатқызуға мүмкіндік беретін қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Осы бөлімде экспортталған және импортталған тауарлардың барлық тізбесі көрсетіледі. Бұл ретте деректер әрбір тауар бойынша, яғни 2-бөлімнің барлық бағандары (А, В, С, D, E, 1–22 бағандары) әрбір тауарға толтырылады.

2-бөлімді толтыру кезінде Комитеттің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет-ресурсындағы "Негізгі" бет, "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" бөлімі, "Сыртқы және өзара сауда статистикасы" ішкі бөлімінде орналастырылған жіктеуіштер пайдаланылады.

1, 3, 5, 7, 9-бағандарда Әлем елдерінің жіктеуішіне сәйкес әлем елдерінің кодтары көрсетіледі.

10-бағанда тауарды көлікпен тасымалдауды жүзеге асыратын, 11-бағанда көрсетілген ЕАЭО-ға мүше елдердің тасымалдаушы елінің біреуінің атауы көрсетіледі.

11-бағанда Көлік және тауарларды тасымалдау түрлері жіктеуішіне сәйкес шекарадағы көлік түрінің коды келтіріледі.

12-бағандағы кодтар Жеткізу шарттарының жіктеуішіне сәйкес келтіріледі.

13-бағанда тауар салмағы килограммен көрсетіледі. Көрсетілетін мән егер тауардың салмағы бір килограмнан артықты құраса, тұтас шамаға дейін дөңгелектенеді. Тауардың салмағы елеусіз болған жағдайда, мән үтірден кейінгі алты белгіге дейін дәлдікпен көрсетіледі.

14-бағанда тасымалданған тауарлардың атауы ЕАЭО СЭҚ ТН-да көзделген қосымша өлшем бірліктерде (дана, литр, текше метр және басқа) және Өлшем бірліктердің жіктеуішінде келтіріледі. Егер ЕАЭО СЭҚ ТН-да тауардың белгілі бір коды үшін қосымша өлшем бірлігі қарастырылмаған болса, онда сол тауар бойынша 14 және 15-бағандар толтырылмайды.

16-бағанда тауардың фактуралық құны теңгеде, ол туралы сауда мәмілесіне қатысушылар арасында келісіледі және жеткізу шарттарымен анықталатын шот-фактурада көрсетіледі.

Тауарлардың АҚШ долларымен (17-баған) және теңгемен (18-баған) статистикалық құны тауарды жеткізу бойынша импорттаушы (экспорттаушы) елдердің шекарасына дейінгі шығыстармен жиынтықта, жасалған шарттар (келісімшарттар, шот-фактуралар және (немесе) тауарлардың басқа да ілеспе құжаттары) негізінде толтырылады.

Экспортталатын тауарлар үшін FOB бағасының типі бойынша бағасына, импортталатын СИФ бағасының типі бойынша бағасына тауарлардың статистикалық құны АҚШ долларымен көрсетіледі. АҚШ долларымен құнын қайта есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.

16 және 17-бағандарда импорттау кезінде тауардың қоймаға келіп түскен сәтінде, экспорттау кезінде – тауарды қоймадан тиеу сәтіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ұлттық валютадағы бағам қолданылады.

Бағамды ұлттық валютаға қолданудың жоғарыда аталған шарттары тауарларды жеткізудің барлық шарттарында қолданылады. Жекелеген жағдайларда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ұлттық валютаның шетел валютасына бағамы импортталатын тауарларды есепке алу сәтіндегі ілеспе құжаттарға сәйкес қолданылады.

19-бағандағы кодтар Тауарларды өткізу ерекшеліктерінің жіктеуішіне сәйкес келтіріледі.



20 және 21-бағандарда ЕАЭО-ға мүше елдердің сыртқы экономикалық қызметінің қатысушылары арасындағы экспорттық-импорттық операцияларды жүргізуі кезінде ресімделетін келісімшарттың (шот-фактура) және немесе өзге де құжаттың нөмірі (цифрлық және (немесе) әріптік символдар) мен күні көрсетіледі.

22-баған бойынша өткізу бағыты (экспорт болса – "1", импорт болса – "2" қойылады) көрсетіледі.

23-баған бойынша Мәміленің сипаттарының анықтамалығына сәйкес мәміле сипатының коды келтіріледі.

7. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Комитеттің интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

8. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 1-бөлім:

С бағаны бойынша тек RU, BY, AM, KG толтырылады. Егер С бағаны = RU, AM, KG болса, онда ЖСН толтырылады. Егер С бағаны = BY болса, онда ТЕН толтырылады;

Егер С бағаны = RU, онда F бағаны = 10 немесе 12 таңба;

Егер С бағаны = BY, онда F бағаны = 9 таңба;

Егер С бағаны = AM, онда F бағаны = 8 немесе 10 таңба;

Егер С бағаны = KG, онда F бағаны = 14 таңба;

F бағаны бойынша бірінші саны Беларусь Республикасы бойынша аумақ кодын білдіреді.

2) 2-бөлім:

егер 14-баған  $> 0$ , онда 15-баған да  $> 0$ ;

экспорт кезінде 18-баған

$\leq$

16-бағаннан;

импорт кезінде 18-баған

$\leq$

16-бағаннан;

егер 22-баған  $> 0$ , онда А, В, С, D, Е бағандары 1-21  $> 0$ .

Ескертпе:

<sup>1</sup>ФОБ (кеме бортында еркін, Инкотермс 2010) – тауарды жеткізу шарты, оған сәйкес тауар бағасына оның құны мен тауарды кеме бортына жеткізу және тиеу бойынша шығыстар қосылады

<sup>2</sup>СИФ (күн, сақтандыру, фрахт Инкотермс 2010) – тауарды жеткізу шарты, оған сәйкес тауар бағасына оның құны мен сақтандыру және тауарды импорттаушы ел портына дейін тасымалдау бойынша шығыстар қосылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК